



Автор: Сапарбекова Балдықыз Мусакуловна
Пән: Қазақ әдебиеті
Сынып: 9-сынып
Бөлім: Атадан қалған асыл сөз
Тақырып: «Біржан мен Сара» айтысы

«Біржан мен Сара» айтысы	Сабақта оқу мақсатына бағытталған сараланған оқу үдересін жүзеге асырдым. Мен сабағымды саралау -дың мақсатқа негізделген және оқушының жас ерекшелігіне, қабілетіне қарай жеке, жұптық, топтық жұмыс формасында, оқушының дербестігі мен жауапкершілігін ескере отырып сараладым. Алынған деңгейлік тапсырмаларым жеңілден күрделіге қарай «Сұрақты қағып ал», «Венн диаграммасы», «Рельдік ойын» әдістерін қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуды жүзеге асыруға бағытталған. Қабілетті оқушылар логикалық болжам жасай алуға, диалог негізінде ойын жүйелі жеткізуге мүмкіндік тудыратын «Оптимистер, пессимистер, реалистер», «Өлеңмен жауап» тапсырмаларын орындайды. Сабақтағы тапсырмалар мақсатқа сай оңайынан күрделіге қарай сараланып құрастырылды. Әр тапсырмадан кейін бағалау ұйымдастырылды, ол оқушыларға қолдау көрсетіп, әрі қарай ізденіп, жұмыс жасауына негіз болды. Оқушы қабілетіне қарай ресурстар, ақпараттар да сараланып қолданылды.
--------------------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
«Біржан мен Сара» айтысы (5 мин)	Психологиялық ахуал «Сатамын және сатып аламын» тренинг (Сыныптаынтымақтастық атмосфера қалыптасады) Топқа бөлу: «Мозайка әдісі» арқылы топқа бөлу. Суретқиындылары арқылы оқушылар төмендегі топтарға бөлінеді: Қазіргі айтыскер ақындар, бұрынғы айтыскер ақындар және айтыс түрлері.	Оқушылар ортаға шеңбер жасап әр оқушы өзінің жаман қасиетін сатып, жақсы қасиетті сатып алады. (өуен ойнап тұрады)